

Достық «мектеп-бөбекжай-балабақша» КММ «Қамқоршылық кеңес» отырысының
№2 хаттамасы

Күні: 22.12.23 ж.
Төраға: Огизбаев М.М.
Қатысқандар: 9
Шақырылғандар:
Д.У.Сиражев, мектеп директоры, А.Дюсембаева МДТЖО.

Күн тәртібінде:

1. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтылу жағдайы. Мектеп асханасының жұмысы.
2. Сапалы білім беру бойынша І- жартыжылдық қорытындысы.
3. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға көмектесу, демеушілерді тарту

1 мәселе бойынша МДТЖО А.Г.Дюсембаева тыңдалды.

Мектепте оқушыларға ыстық тамақты ұйымдастыру және тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу бойынша мектепшілік бұйрық шығарылды (70, 01.09.2023ж.). Ыстық тамақты ұйымдастыру туралы нормативтік-құқықтық құжаттар жинақталды. Бастауыш және жоғары сынып оқушыларына екі апталық мәзір жаймасы дайындалды, аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілді. Білім және ғылым министрлігімен бекітілген мемлекеттік қызметтер регламентін орындау мақсатында әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен 4 отбасынан шыққан 9 баланы ыстық тамақпен қамтылуына байланысты қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізілді. Кеңесте ата-аналардан балаларын ыстық тамақпен қамту туралы түскен өтініштер және тиісті құжаттары қаралды, шешім қабылданып мектеп smartнейшіл порталына жіберілді.

ТАББ бөлімінің анықтамасы негізінде қамқоршылық кеңесімен айқындалған отбасындағы 9 оқушы және қамқорлықтағы 1 оқушы, патронаттық тәрбиедегі 1 оқушы, АӘК алатын отбасынан 2 оқушы, 1-4 сынып оқушылары(26), мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері (5) ыстық тамақпен қамтылды. Мектеп бойынша 38 оқушы ыстық тамақпен қамтылды, 47% (оқушылардың тізім жасалып бекітілді.).

Асхананың жұмыс кестесі жасалып бекітілді, кезекшілік ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының бойында тамақтану мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде теңгерімді құнарлы тамақтануды насихаттау жұмысы жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпанындағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығына орындау мақсатында мектепте қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі өкілдері, медицина қызметкері қатысуымен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бракераждық комиссия құрылды. Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, топазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторинг жүргізу кіреді.

Комиссия жұмысының қорытындылары тоқсан сайын білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қаралады және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырады, ақпарат түрінде ресімделеді. Асханада мектеп мұғалімдері мен әкімшілік кезекшілік кестесі бекітіліп, сол бойынша кезекшілік жұмыс жасайды.

2 мәселе бойынша мектеп директоры Д.У.Сиражев тыңдалды.

2023-2024 оқу жылының І жартыжылдық қортындысы: мектепте барлығы 81 оқушы, с.і 17 оқу озаты, 30 оқу екпінділер, білім сапасының көрсеткіші 58%, үлгерімі 100%. 1 тоқсанмен салыстырғанда 3 % төмендеді.





Сабақ беретін пән мұғалімдерімен әдістемелік бірлестіктерде және педагогикалық кеңесте білім сапасын талдау жұмысы жасалады. Үшінші тоқсанда мектеп мұғалімдері оқу сабақтарын ұйымдастыруға инновациялық тәсілдерді енгізу, пәндер бойынша оқуда қиналған оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу т.б арқылы оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға жағдай жасауы керек.

3-мәселе бойынша кеңес мүшесі Д.Жазыкбаева тыңдалды.

Жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыруға көмектесу мақсатында демеушілерді тартуға, сыйлықпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде ШҚ «Аманбаев» иесі Аманбаев Сары-Тау, ШҚ «Серик» иесі Туленова Майра, ШҚ «Қара Бура» иесі Бектияров Еркебулан, ЖК "Несібе" иесі Жардемова Перизат, «ЖК» «Куанышева» иесі Куанышева Карашаш, Таскала шекара заставасы, «Жайық» шекара бақылау бөлімшесіне хат жазу, көмек қажеттілігін айтып өтті.

Шешімі:

1. Ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын, үнемі бақылауда болсын
2. Мектеп әкімшілігі тарапынан мектепшілік бақылау жұмысы күшейтілсін. Үлгерімі томен оқушыларымен жеке жұмыс жүйелі жүргізілсін
3. Жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыруға көмектесу, оқушыларды сыйлықпен қамтамасыз ету мақсатында демеушілерді тарту жұмысы кеңес мүшелеріне жүктелсін.

Төрайымы:		М.Огизбаев
Хатшы:		А.Дюсембаева
Мүшелері:		Б.Кубаев
		Б.Кадыров
		Е.Бектияров
		К.Аюпов
		П.Жардемова
		Г.Нашанова
		Д.Жазыкбаева